



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 38 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2013 жылғы 25 қазан

*Қаржылық қызметтерді тұтынушыларға
құқықтық көмек көрсету туралы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ресми хабары*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БАҚ-та және әлеуметтік желілерде адал емес банк практикасын әшкерелеу жөнінде жекелеген азаматтар жүргізетін жұмысқа қатысты талқылаулар белсенді жүргізіліп, ақпарат таратылып жүр.

Банктер клиенттерінің мәліметтері бойынша қарыз алушылардың проблемаларын реттеуге ықпал ету ақылы негізде жүзеге асырылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттерге қызмет көрсету бойынша даулар туындаған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомствосы – **Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне** өтініш жасаудың қажет екендігін қаржы ұйымдарының клиенттеріне ескертеді.

ҚР Ұлттық Банкінің Комитеті және аумақтық филиалдары қаржылық қызметтерді жұмыс істеп жүрген және әлеуетті тұтынушыларына **тегін құқықтық көмек көрсетеді**.

Тегін құқықтық көмек алу үшін қарыз алушылар және қаржы ұйымдарының басқа да клиенттері Комитетке мына мекенжай бойынша: Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, факс: (727) 2729433, e-mail: info@kzp.nationalbank.kz немесе ҚР Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz сайтында көрсетілген мекенжайлар бойынша ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына өтініш жасай алады.

ҚР Ұлттық Банкінің Комитеті және аумақтық филиалдары **құқықтық көмек көрсете отырып банктердің (ипотекалық ұйымдардың) өкілдерімен бірге қарыз алушылардың кездесулерін** банк омбудсманьмен бірлесіп ұйымдастырып, өткізеді.